КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 25 ақпан № 3514-25-00-2/575 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Елеуов Т.Қ.,
сот отырысының хатшысы А.Есенбаеваның қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-бейне таспаға жазумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Эко Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
талапкердің өкілі Ш.Қапанова
жауапкердің өкілі Ә.Дүйсен

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2024 жылғы 4 қазан айында «Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (*әрі қарай – талап қоюшы*) «Эко Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (*әрі қарай – жауапкер*) арасында мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік №253 шарт (*әрі қарай – шарт*) жасалған.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес, Жауапкер консерванттар мен басқа заттарлармен қанықтыру және дәрілеу бойынша қызмет көрсетуін міндеттенді. Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі – 2024 жылғы қараша-желтоқсан айында. Шарттың жалпы сомасы 140 200 теңгені құрайды.

Алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін атқармаған. Осыған орай, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрай отырып, талап қоюшы сотқа жүгінді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Талап қоюшының өкілі сот отырысында талапты толықтай қолдап, жауапкер 2024 жылғы 31 желтоқсан айына дейін қызмет көрсету міндеттелген. Бірақ, 2024 жылғы 09 желтоқсан айында жауапкерден шартта көрсетілген жұмыстарды атқару мүмкіндіктерінің болмауына орай, шартты бұзып және шарт міндеттемелерін тоқтату туралы өтініші түсті. 2024 жылғы 12 желтоқсан айында шарт бұзылды, талапты толығымен қанағаттандыруды сұрайды.

Жауапкердің өкілі талап арызды мойындамады, шартта қызмет көрсету мерзімі анықталмады деп түсіндірді.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 12 бөлігінің 4 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

2024 жылғы 4 қазан айында тараптар арасында қызмет көрсету жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт жасалған, қызмет көрсету мерзімі – 2024 жылғы қараша-желтоқсан айында.

2024 жылғы 09 желтоқсан айында жауапкерден шартта көрсетілген жұмыстарды атқару мүмкіндіктерінің болмауына орай, шартты бұзып және шарт міндеттемелерін тоқтату туралы (бас тарту) өтініші түсті.

Өтініш қарастырылып, шарттың 7.4 тармақшасына сәйкес, 2024 жылғы 12 желтоқсан айында аталған шарт бұзылды.

«Эко Қазақстан» ЖШС атқаруға міндеттеме алған қызметті орындаудан бас тартулары себебіне байланысты талап қоюшының 2024 жылға жоспарланған шартта көрсетілген жұмыстары дер кезінде орындалмай және жылдың аяғы болғандықтан жаңадан мемлекеттік сатып алуды жариялау мүмкіншілігі болмай қалды.

Сот жауапкердің шартты орындамау фактісін анықтады, 2024 жылдың 31 желтоқсан айының соңына дейін қызмет көрсетілмеді.

Жаупакердің шартта қызмет көрсету мерзімі анықталмағаны туралы дәлелдесі негізсіз. Шартқа қол қою арқылы жауапкер осы қызмет көрсетуіне келіскен.

Заңмен қарастылырған мерзім талап қоюшымен сақталған, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызымен талап қоюшы сотқа 2024 жылғы 26 желтоқсан айында жүгінді.

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 04.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Айтылғандардың негізінде сот мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арыз қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 117 бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған 1 846 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж жауапкерден бюджет пайдасына өндіріледі.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 229, 403 баптарын басшылыққа ала отырып,

**Ш Е Ш Т І:**

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап арызы толық қанағаттандырылсын.

«Эко Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН/ИИН 241040023832) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Эко Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет есебіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Азаматтық процестік кодексінде белгіленген қағидаларды қоспағанда, тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхатты - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

**Судья:** **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 04.03.2025

3514-25-3-6/36